

Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2006 жылға арналған төлемдердің ставкалары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 28 шілдедегі N 16/287 шешімі. Маңғыстау облыстық әділет Департаментінде 2006 жылғы 18 тамызда N 1952 тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына және "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаның ластағаны үшін 2006 жылы төленетін төлемақы ставкалары облыстағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өкілетті орган - Маңғыстау облыстық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасы жасаған есептеулердің негізінде бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешім Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Құрбанбаев

Облыстық мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 8

ш і л д е д е г і

N 16/287 шешіміне 1-қосымша

Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаның ластағаны үшін 2006 жылы төленетін төлемақы ставкалары

N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі (тонна)	Нормативтік төлем (теңге)
1.	Атмосфераға стационарлық көздерден шығарылған ластағыш заттар	Шартты т.	1381,0
2.	Атмосфераға ластағыш заттардың жылжымалы көздерден шығарылуы:		
	этильденбеген бензинге	Физ. т.	474,0
	дизельді отынға	Физ. т.	380,0
	сығымдалған газға	Физ. т.	318,0
3.	Қоршаған ортаға төгілетін ластағыш заттар:		
	су нысандарына құйылатын төгінділер	Шартты т.	20388,0
	далаға төгілетін төгінділер, булануы, сүзілуі	Шартты т.	8746,0
	құрамдас бөліктері белгісіз ақпа сулардың төгінділері*	м ³	27,0
4.	Өндіріс қалдықтары мен қоқыстарды полигондарға, рұқсат етілген және арнайы бөлінген жерлерге орналастыру:		

